# НҰРА

Еженедельная газета Нуринского района

№ 35 (46151)
ПЯТНИЦА,
30 августа
2002 года

Газета издается с 1 мая 1963 года ГАЗЕТА ВЫХОДИТ НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ ЦЕНА ДОГОВОРНАЯ


## Основной Закон страны

Сегодня, 30 августа наша страна отмечает один из главных государственных праздников - День Конституции. Семь лет тому назад на всенародном референдуме казахстанцы ясно и твердо высказались за принятие новой Конституции. Жизнь общества и народа настолько многогранна, что даже государственные документы и решения порою устаревают, отстают от сегодняшнего времени. А Конституция прежде всего должна адекватно отражать реальные процессы, происходящие в жизни общества и государства. Поэтому встала острая необходимость нового качественного обновления конституционных основ жизни страны. Это было веление времени.

Разработанная под непосредственным руководством первого Президента страны Нурсултана Абишевича Назарбаева, новая Конституция стала документом поистине исторического значения и открыла все предпосылки для социально-экономического развития страны. Над реальным воплощением этих предпосылок проводится повседневная кропотливая работа. Прошедшее десятилетие убедило каждого из нас в правильности выбранного пути, консолидации общества на основе общенациональной идеи, главные слагаемые которой - дружба, братство и равноправие. Именно они и твердая вера в завтрашний день позволяют успешно реализовать задачи, выдвинутые Нурсултаном Абишевичем Назарбаевым в Стратегии развития Казахстана до 2030 года.

В соответствии с Конституцией в Республике Казахстан признаются и гарантируются права и свободы человека, а в свою очередь наши граждане должны и обеспечить своему государству суверенитет и независимость, прогресс и процветание. В Основном Законе особо отмечено, что каждый гражданин должен и обязан соблюдать Конституцию и законодательство республики, уважать государственные символы Казахстана. С принятием действующего Главного Закона в Республике родилось качественно новое правовое пространство, в котором созданы все условия для самореализации граждан. Защита Отечества, сохранение исторического и культурного наследия, развитие государственного и других языков, уважение прав, свобод, чести и достоинства других лиц- долг и обязанность каждого из нас. Все эти ценные качества должны прививаться с раннего детства, со школьной скамьи.

-Наша страна, - сказал Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев, - и впредь будет жить по законам демократического государства, проводящего прогрессивную национальную политику, гарантирующего мир будущим поколениям, свободное развитие личности, дружбу между народами. Построив такое государство, мы выполним свой исторический долг перед поколениями казахстанцев, перед священной казахской землей, пережившей немало трагедий, но вечно доброй и щедрой, вскормившей и воспитавшей уникальный народ Казахстана.

Важная роль Основного Закона обусловлена и тем, что его нормы ложатся в основу законодательства страны и все нормативные правовые акты не должны противоречить Конституции и Законам. Поэтому осуществлена работа по приведению существующей законодательной базы в соответствии с нормами Главного Закона. И принцип верховенства Конституции служит одним из ведущих в деятельности власти, государственных органов и должностных лиц.

Мы должны и обязаны хорошо знать нашу Конституцию, наши законы и еще важнее, чтобы мы их соблюдали и исполняли. Поэтому очень важно, чтобы в массовом общественном сознании укрепилось уважение, правильное понимание места и роли Конституции в нашей жизни. День Конституции для всех казахстанцев - один из ярких и знаменательных праздников, праздник больших надежд и всеобщего мира, единства и дружбы народов Казахстана.

**Д. АХМЕТОВ,**
**редактор газеты.**

## *Құрметті нұралықтар!*

Бүгін, тамыз айының 30-шы жұлдызы елімізде жетінші рет Конституция күні болып аталып өтіліп отыр. Бұл тәуелсіз еліміздің Негізгі Заңының қабылданған күні. Конституция Қазақстанның болашақ жолын алдын ала айқындаған және оның мемлекеттігін нығайтудың негізін салған тарихи мәні бар маңызды құжат болып табылады. Ата Заңымызды бәріміз дұрыс түсініп, орындай білсек, алдымызда тұрған міндеттерді ойдағыдай атқарып отырсақ, береке мен бірліктің қайнар көзі мен тұтқасы, міне осы. Өйткені онда еліміздің бағыт-бағдары, сара жолы мен болашағы айқындалған.

Қазір барлық ортада, әсіресе жастар арасында қазақстандық патриотизмді қалыптастыру қажет. Болашақта жаңа қоғам орнатудағы Конституцияның салған негізгі принциптері қазір жүзеге асырылуына бүкіл қазақстандықтар үлес қосып жатқан еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді стратегиялық бағдарламасында одан әрі жалғасын тауып, тереңдей түсті.

Астықты Нұра өңірінің жұртшылығы жұмыстың барлық салаларында халықтың әл-ауқатының жақсаруына, еліміздің гүлденуіне, экономикасының жыл сайын нығая түсуіне өздерінің сүбелі үлестерін қосуда. Қазір нұралықтар жаз бойы өсірген егіндерін жинап, алтын астықты халық игілігіне жарату үшін қажырлы жұмыс атқаруда.

Құрметті нұралықтар!

Сіздерді Конституция күнімен шын жүректен құттықтай отырып, әрбір отбасына мықты денсаулық, мол бақыт тілейміз. Әрқашанда тыныштық, бейбітшілік, жақсылық болсын!

**Д. ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**

**Т. РАХЫМБЕКОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

## *УВАЖАЕМЫЕ НУРИНЦЫ!*

Сегодня, 30 августа исполняется семь лет со дня принятия Основного Закона страны, по которому живут и сверяют свои дела граждане нашего государства.

Принятая по итогам всенародного референдума, Конституция стала документом большого исторического значения, заложившим основы укрепления его государственности, консолидации всего общества. Главные принципы построения нового общества, заложенные в Конституции, получили свое дальнейшее развитие и углубление в Стратегии «Казахстан-2030», над практической реализацией которой сейчас работают все казахстанцы.

Основной Закон дает ориентир, как выстроить сильную государственность, добиться социальных реформ, утвердить в обществе идеалы духовности, межнационального согласия и гражданского мира, осуществить верховенство Закона. Конституция отражает не только новые для нас принципы государственного устройства, но и решает важнейшие проблемы, касающиеся прав, свобод и обязанностей человека и гражданина. Неукоснительное соблюдение каждым из нас Основного Закона приведет в будущем к процветанию нашей страны.

В качестве идеологической основы Конституции принят незыблемый принцип общечеловеческих ценностей. Всенародное принятие новой Конституции явилось важным этапом на пути демократизации сферы межнациональных отношений. Казахстан является Родиной для всех граждан - людей, связавших с ним свои судьбы.

Конституция провозгласила Республику Казахстан как демократическое, светское, правовое и социальное государство. Она открыла все предпосылки для экономического, политического, культурного, социального развития, для того, чтобы каждый человек максимально раскрыл свои возможности и реализовал их в жизни. Над реальным воплощением этих предпосылок ведется повседневная, кропотливая работа.

Дорогие нуринцы! Поздравляем вас с праздником - Днем Конституции Республики Казахстан! Желаем всем здоровья, достатка и благополучия в семьях, взаимопонимания и большого человеческого счастья!

**Д. КУСАИНОВ,**
**аким Нуринского района.**

**Т. РАХИМБЕКОВ,**
**секретарь районного маслихата.**

## *Құттықтаймыз!*

Қыркүйек айының бірінші жұлдызында барлық жерлерде Білім күні аталынып, жаңа оқу жылы басталады. Мектеп - мемлекетіміздің болашақ игілігінің басты кепілі. Еліміздің Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың "Қазақстан-2030" ұзақ мерзімді Жолдамасында мектеп жасындағы балалар мен жасөспірімдердің білім алуын толық қамтамасыз ету негізгі мақсат, абыройлы міндет деп айрықша айтылған. Жас ұрпақты оқыту, тәрбиелеу жұмысы бүгінгі күн талабына сай жоғары сапалық жаңа деңгейде болуға тиіс. Өзінің тәуелсіздігінің мерейлі тойын былтыр ғана тойлаған мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына жетуі үшін жас ұрпақты оқытуға, тәрбиелеуге нақты маңызды шаралар жүзеге асуда. Мектептердің материалдық базасы жылдан жылға нығая түсуде және компьютерлік жүйеге көшуі нәтижесінде оқушылардың алған білімдерінің сапасы жоғары болуда.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, мектеп оқушылары!

Биылғы оқу жылының басталуымен Сіздерді шын жүректен құттықтай отырып, барлықтарыңызға береке-бірлік, мықты денсаулық, терең білім, ұстаздар қауымына творчестволық табыс тілейміз!

**Д. ҚҰСАЙЫНОВ,**
**аудан әкімі.**

**Т. РАХЫМБЕКОВ,**
**аудандық мәслихаттың хатшысы.**

## *С праздником!*

Уважаемые учителя, школьники, родители !

Поздравляем всех с наступающим праздником - Днем знаний - началом нового учебного года. Беспрерывное пополнение знаний и преемственность сопровождают нас всю жизнь. Одним из приоритетных направлений сегодняшнего дня являются проблемы образования, основы которого закладываются в стенах школы. Наша задача - обеспечить воспитание и обучение каждого ребенка и способствовать в дальнейшем повышению его образовательного уровня.

Дорогие школьники! От ваших знаний, умений, навыков, настойчивости и трудолюбия зависит будущее страны. Поэтому не уставайте учиться, преодолевайте тернистый путь к знаниям, будьте патриотами своего Отечества. Желаем всем вам бесконечного пополнения знаний, наилучших успехов в учебе.

Уважаемые учителя!

Первые уроки в новом учебном году пусть явятся хорошим стартом к результативной творческой работе, всестороннему развитию учащихся. Пусть бесконечно сопровождает вас педагогика сотрудничества!

Желаем всем здоровья, благополучия, радости, праздничного настроения.

**Д. КУСАИНОВ,**
**аким района.**

**Т. РАХИМБЕКОВ,**
**секретарь районного маслихата.**

*ФОТОРЕПОРТАЖ*

## Қырманда бір түйір дән қалмайды

**дейді "Жартас" жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің қойма меңгерушісі Өмірбек Қожахметов**

### *ОРАҚ - 2002*



Тамыз кіре ауыл адамдарының дала төсіне тесіле қарап, одан асыға тосқан хабарды естігенше алаңдап жүретіні белгілі. Аудан бойынша алғашқылардың бірі болып егінжайға орақ машиналарын ақмешіттіктер түсірді дегенде, біздер де елең ете қалған едік. Іле іссапарға шыққанымызда, ұйымшыл ұжымның арпа оруды толық аяқтап шыққанына таң қалдық.

- Бүгін қарбалас шаруалардың көбейіп тұрғаны, - дейді кеңсе алдында кездесіп, бізбен қысқаша ғана әңгімелесуге уақыт бөлген шаруашылық басшысы Думан Намысов. - Сіздер қырманнан бастасаңыздаршы. Міне, бас инженер Жеңіс Байбейлов та келіп жетті. Қызыл қырман басы қазір қызу еңбек. Онымен осы кісі таныстырады. Ал орақшыларға бас агроном бастап алып шығады.

- Жәке, мына кісілерді Өмекеңе апарыңыз. Қазір тасымал толассыз жүріп жатқанда көрсін, әңгімелессін.

- Иә, арпа тазаланып, құятынын құйып, жөнелтетінін жөнелтіп жатырмыз, - дейді бас инженер. - Бұл саланы көп жылдардан бері Өмірбек Қожахметов сынды өмір көрген білікті ұйымдастырушы басқарады. Орайында айта кетейін, бізде бір адам бірнеше қызметтің басын біріктіріп атқарады. Мысалы, Өмекеңнің негізгі қызметі қойма меңгерушісі. Ал науқан келе, көктем-күзде, қырманды қосып алады. Мұның өзі еңбекті ұйымдастыруға өте ыңтайлы, ұтымды.

Қырманда шағын ғана ұжым еңбек етеді. Тасымалда безек қаққан екі автокөлік жүр, олар атжал боп жоталанған арпаны қырманнан тиеп алып, тазалағыш ЗАВ машинасына аударып береді.

- Мына Архат Заитов, Таймас Шағамбаев, Анатолий Богатырев сынды еңбек майталмандары, - дейді қырман меңгерушісі Қожахметов, - автокөліктің толассыз жұмыс істеуін қамтамасыз етуде. Ал жүргізуші Сырлыбек Әбішев пен Уахит Нұрбеков қимылы бұлармен пара-пар, шапшаң. Бәрінен де азаматтардың ас атасы астыққа деген ықыласын айтсаңызшы. Жұмыскерлер, әсіресе автокөлік иелері мен тазалағыш күрделі машина мамандарының сапамен ысырапқа ерекше көңіл бөліп, жауапкершілікпен қарауы құптарлық құбылыс. Мінекей,



көріңіздер, шашылған дән жатыр ма?! Бұл жерде егін өсірудің батпан бейнетпен келетін түсінігі жатса керек. Содан да іскер ұжымның қырманда бір түйір дән қалдырмасына өзім кәміл сенемін.

- Өмекең дұрысын айтып тұр, - дейді осы тұста әңгімеге араласқан бас инженер Байбейлов. - Және ысырапқа жол бермей, сапалылыққа жетуде астық тазалағыш машиналардың мамандарының атқарар ролі бір төбе. Негізі бұлар екі ауысыммен жұмыс істейді. Қазір, міне, Сәбит Нұрбеков кезекшілікте. Өнімділікке жетіп, күндік тапсырысын артығымен орындау сыры неде екенін өзі айтсын.

- Көріп тұрсыз, бұл машиналардың әбден тозығы жеткен, - дейді Сәбит. - Сол себепті бұлар күтімді көп талап етеді. Яғни тұрақты күрделі тетіктер жұмысын қадағалап, тартатын жерін тартып, майлайтын жерін майлап, жіті көңіл бөлініп отыруы керек. Бұған қырман меңгерушінің де, бас инженердің де, директордың да баса назар аударып, жан-жақты жағдай жасалынып отыратынын ашып айтуым керек шығар.

Барлығы "Жартас" ЖШС қырманына 900 центнерден астам арпа өнімі түскен-тін. Бұл күндері негізгі дақыл-бидай тасымалы кең қанат жайған. Диқан қауымы дала төсінде шаң қауып, маңдай термен өсірілген ел ырзығын жауын-шашынға тигізбей орып алуға бар күш-жігерін аямай жұмсаса, дайын өнімнің сапалы өңделіп-сақталып, құнды товар айналымына түсуіне қырман ұжымы да сүбелі үлесін қосып келеді.

**Б. БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Жартас" ЖШС.**

**Суреттерде: Қырман меңгерушісі Өмірбек Қожахметов (ортада) және жүргізушілер Сырлыбек Әбішев пен Уахит Нұрбеков; бас инженер Жеңіс Байбейлов пен астық тазалағыш машинаның маманы Сәбит Нұрбеков.**

**Суреттерді түсірген Николай Лобачев.**

## К сведению населения района!

На рассмотрение очередной XX сессии районного маслихата, которая состоится в октябре 2002 года, вносится вопрос «О состоянии и мерах по укреплению охраны общественного порядка и усилению профилактики преступности в районе».

Просим Вас направить до 1 октября т.г. в районный маслихат свои предложения и замечания по обсуждаемому вопросу для использования их при подготовке к сессии.

**Т. РАХИМБЕКОВ,**
**секретарь районного маслихата.**

## К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ РАЙОНА

Аппарат акима Нуринского района на страницах газеты «Нура» открывает постоянную рубрику «Госслужба: спрашивайте – отвечаем».

Возникающие вопросы направляйте в отдел организационной и кадровой работы аппарата акима района по адресу: п. Киевка, ул. Советская, 50 и в редакцию газеты «Нура».

**Вопросы- ответы по поступлению и прохождению государственной службы**

**1. Какие документы должен подавать конкурсант в государственный орган, проводящий конкурс?**

Согласно п.24 Правил проведения конкурса на занятие вакантной административной государственной должности, утвержденных Приказом Председателя Агентства РК по делам государственной службы от 24.11.1999 года №А-202, граждане, желающие принять участие в конкурсе, подают в государственный орган, проводящий конкурс, следующие документы:

1) заявление по установленной уполномоченным органом форме;

2) заполненный личный листок по учету кадров (с указанием адреса физического места жительства и телефонов, в том числе и контактных);

3) заполненную анкету по установленной уполномоченным органом форме;

4) копии документов об образовании, заверенные нотариально, либо в ином установленном законодательством порядке;

5) копию трудовой книжки, заверенную нотариально, либо в ином установленном законодательством порядке;

6) справку о состоянии здоровья по установленной форме;

7) 1 фотографию размером 3х4.

А также, граждане могут предоставлять дополнительную информацию, касающуюся их образования, опыта работы, профессионального уровня и репутации (копии документов и званий, характеристики, рекомендации, научные публикации и т.п.).

**2. Расскажите каков механизм принятия на государственную службу?**

Согласно ст. 12 Закона РК «О государственной службе» занятие административной государственной должности осуществляется на конкурсной основе.

Конкурс объявляет государственный орган, где имеются вакантные должности, условия которого обязательно публикуются в официальных изданиях. После этого в течение 5 календарных дней принимаются документы.

На основе анализа представленных документов конкурсная комиссия принимает решение о допуске участников конкурса к тестированию. Это решение передается в территориальное управление Агентства РК по делам государственной службы, в котором в зависимости от категории административной государственной должности кандидаты тестируются по соответствующим программам. Далее результаты передаются в конкурсную комиссию соответствующего государственного органа. Кандидаты, получившие при прохождении тестирования не ниже пороговых значений, допускаются к собеседованию. Документы кандидатов, прошедших собеседование, не позднее 2 дней, после проведения собеседования рассматриваются конкурсной комиссией на ее заключительном заседании. Руководитель государственного органа обязан принять на объявленную должность кандидата, получившего положительное заключение конкурсной комиссии.

**3. Какие требования предъявляются при поступлении на государственную службу?**

В соответствии со ст. 13 Закона РК «О государственной службе», лица, поступающие на государственную службу, должны отвечать следующим требованиям:

во-первых, они должны быть гражданами Республики Казахстан;

во-вторых, быть не моложе восемнадцати лет;

в-третьих, обладать необходимым образованием, уровнем профессиональной подготовки и соответствовать установленным квалификационным требованиям.

Кроме того, при поступлении на государственную службу гражданин обязан представить в органы налоговой службы сведения о полученных доходах и имуществе, принадлежащих ему на праве собственности, являющихся объектами налогообложения.

Следующее немаловажное требование - это прохождение ими обязательной специальной проверки.

**Аппарат акима Нуринского района.**

### ФОТОРЕПОРТАЖ

# Жартастықтар қарқыны ширақ



Тамыздын соңғы күндерінің бірінде Акмешітке ат басын тіреген едік. Ауыл адамдарын алаңдаткан орак науканы орталап та калған екен. Биыл шаруашылыктын дәнді дакылдары біршама ұлғайып, оның көлемі 3400 гектарға жеткізілген. Жауапты науканға ұйымшылдыкпен кірісіп кеткен іскер ұжым алғашкы піскен арпа танаптарын жіті колға алып, жалпы 900 гектар дақылды оруды кыска мерзімде тәмәмдап шыккан. Бұдан соң іле бидайға ауысып, бүгінгі танда егін орағын орталап отыр.

- Егерде ауа райы бұзылып, кедергі болмаса, - дейді шаруашылыктың бас агрономы Жанбырбай Жакыпов, - орақты кешікпей толык аяктаймыз. Барлығы тоғыз орак машинасы жұмыс істеп жүр. Әйтеуір былтырғы табысымызға бір жаңа "Нива" комбайнын сатып алғанбыз әйтпесе техникамыз өте ескі, әбден тозығы жеткен. Обалы нешік, кадрлардың ұқыптылығы, тиянактылығы, біліктілігі аркасында олардың толассыз жұмыс істеуі. Казір акауланса, казір жан бітіріп іске косып жатады. Орайында олардың сенімді көмекшілерін де атап өткенім жөн болар. Айталык, Аманкелді Жекежанов, Аман Байбейлов, Болат Ташенов, Маргұлан Мұстафин, Ерканат Баубековтар бірі реттеуші, бірі дәнекерші, бірі жабдықтаушы болып, міндетін үлкен жауапкершілікпен аткарып жүрген азаматтар. Әсіресе арнайы жанармай автокөлігінде жүргізуші Кайролла Ильясовтың сіңіріп жүрген еңбегі өз алдына бір төбе.

**ОРАҚ - 2002**

Комбайндар астықты бірігіп бір танапта орып жүр. Өзара жарыска түскен оракшылар бізге көңіл де аударар емес, аңыз шетінде техникалық көмек тобынан баска, өртке карсы қойылған топта тұр.

- Мына сокасын ілген шынжыр табанда Кордабай Букебаев сынды тәжірибелі механизаторымыз істейді, - деген бас агроном, сірә оракшыларды тосып калған уакытты толтырмак боп, әңгімеге тартты. - "Сактыкта корлык жоқ", осының қырағылығына сендік. Одан калды, бәріне бәйек боп дамыл таппайтын Амантай Абенов деген бригадиріміз бар. Онын өз ісіне тындырымдылығы мен тиянактылығы ұжымға өнеге тұтарлык.

- Жәке, болашак болжамдарыңыз жөнінде не айтасыз? Жер көлемін ұлғайтасыздар ма? Президент Жолдауына не айтасыз?

- Біз жерді шама-шаркымызға карай жылма-жыл аздап қосып келеміз. Егістік көлемнің әу баста небары 1000 гектарды кұрағанын еске алсак, казіріміз көпті аңғартпай ма. Бүгінгі күнімізге тәуба дейік, бірак 3400 гектармен токырамаймыз. Амандык болса әлі де біраз ұлғайтуға мүмкіншілік жасалынады. Әлбетте,



бізде жер кұнарлылығы нашар. Осыдан да аз көлемнен көп өнім алу жағын карастыруымыз керек. Ал Елбасының көтерген мәселелері ауыл адамының көкейкесті арманы. Тек ,жерді жермен жұмыс істей алатындарға, колынан келетіндерге бергендері абзал. Ал оларға ұнаткан меншігін таңдап, күш біріктірмейінше көздеген нәтижеге жете алмасы тағы анык.

- Биылғы өнімнің түсімі кандай? Оны кімге, кандай бағамен өткізбексіздер?

- Негізгі бізде жаңбыр аз жауды. Әсіресе шілде мен тамыздың басы кезіндегі аптапта ылғал дәнді дақылдар үшін өте кажет-ақ еді. Осыдан барып гектар берекесі ойлағыдай болды деп айта алмаймыз. Мысалы, арпа айналымына 10 центнерден келді. Ал бидай бұдан біршама төмен - 8 центнерден беруде. Өнімді Карағандыдағы Матвеев баскаратын "Акнар" мекемесіне тапсыруды дұрыс көрдік. Себебі Владимир Николаевич алым-берімде екі жактың да тиімділігін әділ шешетін азамат. Ал баға жағы ойымыздан шыкпай тұр. Түбінде Үкімет уәдесінен шықса, біздер үшін бұл елеулі көмек болар еді.

Осы тұста бірін-бірі өкшелеген оракшылар да, танап шетіндегі қыратка көтеріле бастады. Бұлармен іркес-тіркес тасымалдау көлігіндегілер де аңыз шетіне карай айкастады. Бәрінің де шаң басып, тотыккан жүзінен күлкі ойнайды. Қазір комбайын бункері толғандары астығын төгіп аукаттанып алуы тиіс. Бірак, бір орак машинасы ен пгін басып, токырайтын түрі жоқ. Тіптен бас агрономның кол бұлғанын керек кылар емес. Ол жүгіре басып әзер токтатты.

- Шіркін жастык ай, әне, - дейді Жәкең - Мынау Нұржан Қоғабаев есімді комбайыншы. Осылан бұрын екі жыл үдәра реттеуші болып тәжірибе жинактаған еді. Енді байырғы оракшылармен терезесін тең ұстап, сайыска түсуге де әзір. Биыл ол алғашкы рет оракка катынасып отыр.

- Ал мынау жаңа комбайндарыңыз ғой?

- Иә, оны Талғат Абикешовка бекіткеміз. Ол маңдай алды озат механизаторымыз. Жылма-жыл маусымдык тапсырысын артығымен орындап шығады. Сондай-ак, алпысты алкымдаған еңбек ардагері Маркеш Мұстафин де кашанда озаттар санатындағы майталман механизатор, жастар тәлімгері. Бұлармен Мұрат Аканов, Мейрам Ибраев, Сұлтан Амрин сиякты оракшылар да үзеңгілес келеді. Ал комбайндары акауланып, әріптестерінен біршама калып койған Төкен Есмағамбетов, Алтынбек Ильясов, Қайран Жүнісовтардың казіргі іс-қимылы кімді болса да кызыктырады. Әрине, комбайншылардың каркыны, өнімді еңбегі тасымалдау таскынына байланысты. КамАЗ автокөлігіндегі Мұхит Нұрбеков, кимылы ерекше көзге түсулі. Сондай-ак МТЗ-80 тракторындағы Аман Асаинов және өнертапкыш-ізденгіш мамандардың колдан құрастырған мына ауыр корапты тасымал көлігіндегі Мейірхан Ибраевтар орақ машиналарын бір сәт токтатпайды.

- Келесі жылға дайындык калай болмак?

- Әрине, бірінші кезекте тұқымды ойластырамыз. Одан бері де шама-шаркымызға карай аңыздарды сабаннан арылтып, сүдігер жыртамыз. Бұлар уакыт күттірмейтін, жедел жүргізілетін міндеттер. Бірак, басты назарда оракты ойдағыдай тәмәмдап шығу тұр. Бар күш осыған жұмылдырылған.

Иә, биылғы оракта жартастыктар каркыны ширак. Демек, олардың жуык арада жауапты науканды ойлағыдай аяктап шығарына күмән жок.

**Боташ БЕКМАҒАМБЕТОВ,**
**"Жартас" ЖШС.**

**Суреттерде: Бас агроном Жаңбырбай Жакыпов оракшылармен әңгіме үстінде; орақ науканына кызу ат салысып жүрген техникалық топпен бригадир Амантай Абенов әңгіме өткізіп тұр.**

**Суреттерді түсірген: Николай Лобачев.**

### АУЫЛ ТЫНЫСЫ

# ЖЫРАҚТА БОЛСА ДА ЖЫРҒАУЛЫ ОТЫР



Теңіз өңірінің "Сарыөзен" шаруа қожалығының төрағасы Абилдин Рамазан Мұхатайұлымен тамыздың тамылжыған күндері Тікенекті қорымында өткен Әліке, Базар батырлардың аруағына бағыштап ас берген, құран оқытып құлпытас орнатқан кезде бұрынғыдан тереңірек тани түстік. Іскер, халқына жағымды бабалар аруағына бұрынғылар салған ізбен ізетпен бас иетін жас басшы екенін айтпай-ақ түсіндік. "Жас келсе іске" демекші, Рамазан ініміздің ауылы қаншама жырақта, ит өлген жерде болса да тап-түйнақтай, жаны жайсаң адамдары бар, малы ескен, езіндік ерекшелігі басым ұжым екеніне көз жеткіздік. Нарықтың қиын кезеңінде еткен жылдың наурыз айына дейін, айталық, 1993-1995 жылға дейін кеңшар, 1995-2001 дейін акционерлік қоғам болып келген олар өз күштерімен қайта "Сарыөзен" шаруа қожалығын құрды. Жағдай мүлдем басқаша өзгеріп мал өсіру, оның азығын дайындау, егін салуға кешті. Бұрынғы цехтар бәрі істеді. Екі шептің, бір егістік бригадасы Оспанов Рамазан, Қашанов Рахаттың басшылығында жергілікті тұрғындардың алғысына бөленуде. Жұмыссыздық ауыздықталған. Жағдайсыз жанұя болмайды. Орта шарқы отбасыларына тегін кемектеседі. Соның нәтижесінде көші-қоң мәселесі тоқтап қалды.

- "Сарыөзен" шаруа қожалығында 2300 басты қазақы қой, 80 басты жылқы, 80 басты қара мал бар. Малшыларға қой түгілі арендаға берілген әр жүз аналықтан төлдің 70 пайызы шаруашылыққа, ал қалғаны өзіне беріледі. Бұл өте нәтижелі жетістік. Түлік телден өседі. Шопан Ибраев Қанат 100-118 қозы алған. Жаңағы есеппен 70 пайызын бізге берсе, қалғаны өзіне жетеді. Машжанов Баянбай 100-113-тен алды. 165 қозының 65-і өзінікі, - деп разылық білдірді Абилдин Р.М.

11 жылдық орталау мектепте 17 мұғалім бар. Балалар алаңсыз оқуға мүмкіндік толық. Мектеп директоры Искаков Тілеубек жаңа оқу жылына әзірлік сақадай сай, - деді.

Денсаулық күзетінде тұрған Атымтаева Сәуле мен Кеншімбаева Гүлмираның еңбегі елеулі. 710 мыңға жуық кітабы бар Ашимова Орынбасар сынды кітапханашы келіншектің әр күнгі еңбегі елеулі түрде оқырмандар көңілінен шығады. Көмір тегін, шөп жеңілдетілген бағамен беріледі. Клуб меңгерушісі Сәрсекеева Рысты өз ісінің шебері. Қос батырдың ұрпақтарының енерін тамашалағанда, басшының сөзі дәлелді екені көрініп тұрды. Су үйдің ішінде, әр үйде телефон бар. Үш каналмен телевизор сайрап тұр. Астанаға т.б. жерлерге автобус тұрақты қатынап тұрады. Жүргізушісі Сайдалы Қалкен ешкімді ренжітпейді. Почта жұмысы қанағатты. Зейнетақы, жалақы, жәрдемақы, жеңілдіктер мерзімінде тұрақты беріліп отырады. Бұл іске Ақмақанова Қарлыға өте тиянақты қарайды, - деп сөзін тұжырымдады Рамазан Мұхатайұлы.

"Сарыезен" ауылы алыста жатсада, шынында бүлінбей, белініп-жарылмай жайлы жұмыс құрып жатқан шағын елді мекен екенін танытып тұрды. Ас беруге жиналған жұрт Бабалар аруағы жатқан бұл өңірдің бүгінгі келбетіне кешегі қиыншылықтың құрдымға кеткенін растап тұрды. Рекең өзінің сенімді серіктері Тажимов Сембай, Қарабалин Баян, Әлібеков Сұлтанхамит, МТМ меңгерушісі Қозыбақов Қартай, дәнекерші Алдыоңғаров Жанбол, жүргізушілер Ахметов Төлеген, Байтуманов Мұрат, Абиляров Абзал, Сайдалин Қабыкен бастаған тепсе темір үзетін аптал азаматтарын ол мақтан тұтты.



300 гектарға егін салған олар биыл өздеріне жететін түсім алатынына сенеді. Әжікбаев Төлеген, Абақов Темір, Қасенов Бауыржан, Хабылов Сағдат, Қадырбаев Есентай, Байгекшеков Мейрам, Қашанов Рапил, Тажимов Ракондар майталман механизаторлар екені даусыз. Мұнда қазақ, чечен, татар, орыс, башқұрт сынды ұлт екілдері бірлік берекемен тату-тәтті баршылықпен өмір сүруде.

Сөз соңында "Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл" дегендей күллі қызметін, жан дүниесін жанұясымен жаны қалмай бірлесіп атқарып жүрген білікті іскер басшы Абилдин Рамазан Мұхатайұлының шағын өмірбаянымен таныстырып өтейік.

- Әбестік болмаса бүгінгі ұлағатты шаруаның басы қасында жүргендіктен Бөршінің, қос батыр бабамның ұрпағы болғаныма мақтанамын. Тәуелсіздіктің 10 жылдығында мерекелік медаль алдым.

Әкем ертеде есепші, қойшы, бригадир болды. Алматыда Партия жоғары мектебін (1986-90) бітірдім. Теңізде нұсқаушы, ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі, 1991 жылы 3 автопарк бастығы, 91-93 жылдары аудандық ауылшаруашылығы техникасы басқармасының директоры. 1993 жылдан осы "Сарыөзенге" келдім. Еңбегіме, еліме разымын. Халқымның қолдауына сүйеніп алғыс алуымның өзін мәртебе санаймын. Жеті атамды атайыншы, Бөршімін ғой. Арғыннан Қуандық, Сүйіндік; Қуандықтан Аламан, Жоламан, Үшқара тарайды. Балалары Ыбырай, Әбілда, Мұхатайдан мен Рамазаннан ұлым Ерболсын тараймыз, - деді ол аруаққа бас иіп.

Рекеңнің отбасындағы келініміз орта мектепте бастауыш сыныптың жетекшісі Абилдина Райхан Өркешқызы атына заты сай әйел затының перизаты десек болғандай. Ұлы Ерболсын заңгерлер оқуында, Айданасы осында 8 сыныпта оқиды. Еңбекте ерлеп жүрген азамат, жанұяда жайдары мінезді жақсы әке.

Кешегі күнді келмеске жіберіп, "Сарыөзеннің" бүгінгі келбетін жарқыратып отырған ауылдың ардақты азаматтарына алғыстан басқа айтарымыз жоқ. Іске сәт, Әліке, Базар батыр бабаларыңыздың рухы жебеп жүргей!

**Ш. БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

**Суретте:"Сарыезен" шаруа қожалығының терағасы Рамазан Мұқатайұлы (солдан) механизаторлары Абиляров Абзал, Алдыоңғаров Жанбол, Ахметов Төлегендермен бірге егіс алаңында.**

**Ынтымақшыл кеңсе қызметкерлері.**

## ҒАБИДЕН МҰСТАФИННІҢ ТУҒАНЫНА - 100 ЖЫЛ

# Ғабиден Мұстафин

Ғабиден Мұстафин 1902 жылы 29-шы қарашада Қарағанды облысының Тельман ауданында дүниеге келген. 14 жасында Спасск заводында бір жыл орысша оқып, сондағы бес жылдық орыс-қазақ мектебінің 4-ші класына түседі. Бұдан әрі оқуға мүмкіндігі болмай, туған ауылына қайтып оралады. Ауылда әр түрлі қызметте болып, 1925 жылы білімін көтеру мақсатымен Қызылордаға келеді. Мұнда оқуға түсе алмай, өлкелік сотқа іс қағаздарын тіркеуші қызметіне орналасады. Жазушылық өнерге құмарлығы осы кезден басталады. Алғашқы әңгімесі "Сәрсен мен Бөкаш" (1927) "Жыл құсы" журналында жарияланды. Тұңғыш әңгімелер жинағы "Ер Шойын" _1929) деген атпен басылып шықты. Ауыл кедейлерінің таптық санасезімінің оянуы, байларға қарсы күресі бұл әңгімелердің арқауы болды.

1930 жылы көктемде Қарағандыға ауысып, үш жыл бойы жұмыс істейді: слесарь, токарь мамандығын меңгерді. 1938 жылы "Қарағанды пролетариаты" газетінің жауапты секретары қызметіне тағайындалады. Көп кешікпей, Новосибирск қаласында қазақ тілінде "Қызыл ту" газетінің шығуына байланысты, сонда жіберіледі. Газет жабылғаннан кейін ол Алматыға келеді. Журналистік жұмыста қаламы төселіп, өмір тәжірибесі молайып қалған Мұстафин тұңғыш роман жазуға кіріседі. Қарағанды шахтерлерінің өмірінен алынған бұл роман (Өмір, не Өлім) 1940 жылы жеке кітап болып басылды.

Алғашқыда "Әдебиет майданы" (қазіргі "Жұлдыз") журналының қатардағы қызметкері (1938-40), кейіннен редакторы (1940-48) бола жүріп, жемісті еңбек етті. Колхоз-совхоз сахналарына арналған бірнеше шағын пьесалар ("Айғақ", 1942), "Тұтқын", "Күлмеген адам", "Керуен", "Құлаған күз" тәрізді көптеген әңгімелер жазды.

Шығармаларының негізгі тақырыбы - өндіріс өмірі мен ауыл тіршілігі туралы. Бұрын өндіріс тақырыбына "Алыптың кереметтері" (1936) очеркі мен "Керуен" (1938) атты әңгімесін жариялаған автордың "Өмір, не өлім" романы қазақ әдебиетіндегі алғашқы күрделі туындылардың бірі болды. Өзінің творчествосына үлкен жауапкершілікпен қарайтын автор он шақты жылдан кейін осы тақырыпқа қайта оралып, "Қарағанды" (1952) романын жазды.

Жазушының ауыл өміріндегі елеулі өзгерістерді суреттеуге арналған үш үлкен шығармасы бар. Олар - "Шығанақ", "Дауылдан кейін" романдары мен "Миллионер" повесі, ал оның соңғы күрделі шығармасы - "Көз көрген".

Ғабиден Мұстафин Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауареаты, ал 1953-57 және 1961-64 жылдары ол Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, алтыншы сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Екі Ленин ордені және екінші дәрежелі Отан соғысы, екі Еңбек Қызыл Ту, халықтар Достығы ордендерімен, КСРО медальдарымен наградталған.

**"Қазақстан жазушылары" кітабынан.**

## ЗЕРДЕ

# Кен ісінің білгірі

Еліміздегі көмір кеніштерінің дамуына, соның ішінде кешегі Күшоқы, осы күнгі Шерубай-Нұра, Бөрілі, Шұбаркөл көмір орындарын іске қосуда кеншілер астанасы атанған Қарағандының қосқан үлесі ерекше. Баршаға әйгілі Екібастұздың "Богатырь" карьерін өркендетуге де қарағандылықтар атсалысты. Қарағанды еліміздегі көмір өндірісін дамытудың ғылыми орталығы ғана емес, білікті кадрлар шыңдайтын орта болды. Қарағанды политехникалық институтының тау-кен факультетін тәмамдаған сан жүздеген маман Екібастұзды көтеруге, оның қуатын арттыруға ықпал етті. Өз кезегінде Екібастұз арқылы талай азаматтың есімі жалпақ жұртына жайылды. Солардың ішінде жерлесіміз Серікбай Шешенбеков те бар. Ол 1939 жылы Нұра ауданындағы Плаховка селосында дүниеге келген. Киевкадағы орта мектепті тәмамдаған соң Қарағанды политехникалық институтына түседі. Еңбек қадамын Екібастұздағы "Центральный" разрезінде бастаған.

Жылжыған жылдар, ұрпақтар алмасуы не бір жайды болсын санадан өшіреді. Ол заңдылық. Себебі өмір үнемі даму үстінде болады. Солай десек те Екібастұз кенішінің даңқы жайылған 60-70 жылдардың орны ерекше екені аға ұрпақ өкілдері жадынан шыға қойған жоқ. Серікбайдың да еңбек қадамы әлемдегі бірегей кеніштің ел назарын өзіне аударған даму кезеңімен, күнделікті ізденіс пен ғылыми жаңалықтардың табанында өндіріске енгізіліп жатқан тұсымен сәйкес келді. Содан да болар жаңашыл, алғыр инженер кенішті игеру, игеріп қана қоймай оның өнімділігін арттыру, өнімнің өзіндік құнын кеміту жолындағы жауапты іске бел шеше кірісті.

Небір рационализаторлар мен өнертапқыштардың ашқан жаңалықтары ғылыми зерттеу, жобалау - конструкторлық институттардың табалдырығынан шыға алмай, архивтерде шаң басып қалса Екібастұз кенішіне қатыстылардың жатып қалғаны болмады. Бұл осы кеніштің ел стратегиясындағы, экономикасындағы алатын орнының жоғары болғанымен айшықталса керек. 1978 жылы Екібастұз кен орнының тас көмірін қуатты роторлы техниканың көмегімен кең көлемде өндіруді тиімділікпен дамытқаны үшін өндіріс және ғылыми-зерттеу, жобалау-конструкторлық институттарының бір топ қызметкерлері КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Осылардың ішінде ең жасы, әрі жалғыз қазақ Серікбай Шешенбеков болды. Ол кезде С. Шешенбеков кеніштің бас механигі болып қызмет істейтін.

Ғалымдар мен өндіріс мамандары ашық әдіспен өндірілетін Екібастұз көмірін алу үшін қуатты разрездер салуға байлам жасаған кезде-ақ жер қыртысын шөмішті экскаваторлармен аршу, көмір қабаттарын алу мүмкін емес, ол жұмысқа қолбайлау болады деген тұжырымға келген. Сондықтан Екібастұз көмірін өндірудің бірден-бір жолы аса қуатты роторлы экскаваторларды қолдану деп білді. Сол кезеннің экономикалық көрсеткіштеріне көз салсақ, 1966 жылы роторлы экскаваторлар кеніштегі көмірдің 0,3 процентін ғана өндірген екен, ал араға он жыл салғанда барлық өнімнің 88 проценті осы жаңа әдіспен шығарыла бастады. Мұндай экскаваторлардың сағаттық өнімділігі 5 мың тоннаға жетті. Аз күшпен мол өнім шығару көмірдің өзіндік құнын да азайтты. Егер сол жылдары КСРО аймағында тас көмірдің тоннасы шартты отын өлшемімен есептегенде 14-15 сом болса, Екібастұз көмірі орта көрсеткіштен 6 есе арзанға түсіп, небәрі 2,3 сомды құрады. Роторлы экскаваторларды пайдалану Екібастұз өндірістік бірлестігінде тек он жыл ішінде 100 миллион сом экономикалық тиімділік берді.

Осының өзі-ақ Кеңестік кезенде Екібастұз кеніші құлашының қаншалықты кең болғандығын аңғарса керек. Ғалымдар мен инженерлер қол жеткен осы межені місе тұтпады. Осы орайда Серікбайдың өндірістегі үздік өнертапқыштардың бірі болғанын айта кеткен жөн. Ол КСРО Министрлер Кеңесі өнертапқыштық істер жөніндегі Мемлекеттік комитетінің куәлігіне өнертапқыш ретінде алғаш 1976 жылы ие болды. Серікбайдың "Роторлы экскаватор шөмішінің өндірістік үлгісі" жаңалық деп танылды. Өз әріптестерімен бірлесе отырып ашқан "Шөмішті жетілдіру және оның жұмыс істеу кезінде тістерін өзін-өзі қайрауын қамтамасыз етуі" тағы бір жаңалық болып танылып, куәлік иеленді. Осы әдісті бір экскаваторға енгізу арқылы ғана жылына 240 мың сом экономикалық тиімділік алынды. Серікбайдың Екібастұз кенішінің өнімділігін арттыруға бағытталған басқа да тың жаңалықтары өзінің қарапайымдылығымен, күнделікті жұмысқа пайдалануға қолайлылығымен көзге түскен. Осындай тынымсыз еңбегі арқасында С. Шешенбеков Еңбек Қызыл Ту орденімен, Бүкілодақтық Халық Шаруашылығы жетістіктері көрмесінің алтын медалімен марапатталды. Еңбектес әріптестері өндірістің жетекші маманы Серікбайға үлкен сенім артып оны қалалық, облыстық Кеңестерге депутаттыққа да сайлаған. Алайда абзал азамат, өндіріс жаңашылы, білікті инженер Серікбай Шешенбековтың өмірі қапияда қиылды. Ол 1980 жылы небәрі 42 жасында жол апатынан қайтыс болды.

Еселі еңбегімен еліне қызмет еткен Серікбайдың ошағының отын зайыбы Сәркен сөндірген жоқ. Секеннің қос қанаты - ұлы Марат пен қызы Маралды тәрбиелеп, олардың екеуіне де жоғары инженерлік білім әперді, өзі де табан аудармай 40 жыл бойы ұстаздық қызмет атқарды. Келіні Сәуле сәулетші. Немерелерінің алды Дәурен Еуразия университетінің студенті.

Сәркен апай бұл күнде Екібастұзда тұрады. Қарағандыға келген бір сапарында редакциямызға соғып, бізге Сәкеңнің өмірінен мағлұмат беретін деректерді тапсырған еді. Серікбай Шешенбековты екібастұздықтар ұмытпапты. Қала ортасындағы бір көшеге жерлесіміздің есімі берілген екен.

Инженер С. Шешенбеков қысқа ғұмырында еліміздің көмір өндірісін дамытуға лайықты үлес қосты, артына айтарлықтай із қалдырды.

Кешегі кеңестік кезеңде өндіріс саласынан КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанған азаматтарымыз, соның ішінде өз ұлтымыздың өкілдері саусақпен санарлықтай болғанын ұмытпайық. Осы орайда нұралықтар өз жерлесі, кен ісінің білгірі, өндіріс жаңашылы Серікбай Шешенбековтың есімін есте қалдыру шараларын қолға алып, оның өнегелі еңбек жолын жас буынға үлгі етсе, өмірден ерте кеткен ардақты азамат алдындағы борыштың өтелгені, әрі атақты инженерге көрсетілген зор құрмет болар еді.

**Ермағамбет ЛҰҚПАН.**
**("Орталық Қазақстан" газетінен).**

# Ата қоныс құтты болды



Нұралық оралмандар қазір біреуден ілгері, біреуден кейін демекші, жергілікті тұрғындармен бірігіп еңбек етіп, тұрмыс құруда. Қазір 126 отбасы бар. Жұмыссыздық деген болмайды. Бола қалған күнде әрбір азамат өз тұрмысын өзінше шешетін халге жетті. Жас азаматтар шет елдік бұйымдарға бергісіз үй жиһаздарын замана талабына сай өндіруде. Дегенменде, мұндай қолдан келетін өнерден тыс білімі мен мамандығына өз талап-тілегіне сай қоғамдық еңбекке қамту ісі ауданымызда шешімін тапты. Жекешелендіру, орта кәсіпкерлікті дамыту, айта берсек жер пайдаланып шаруа қожалықтарын ашу ісінің жолға қойылуы оралмандардың бүгінгі хал-



жағдайын түбірімен өзгертуге себін тигізді десек болғандай. Әсіресе көңілімізді жадыратар мәселенің бірі-көшіп келушілерге арналған арнайы жер қорының болатындығы жөніндегі тармақ болды. Жер мәселесінің жаңа Занда біз үшін оңтайлы шешім табуы өте қуантарлық та құптарлық жай. Сондықтан да бұл тұрғыдан ел ағаларына, Парламент мүшелеріне айтар алғысымыз шексіз. Сөзіміз дәлелді болу үшін Үкімет шешімін қаз-қалпында орындап астықты Нұраға келген отбасыларына арнайы жер беріп, оны жүзеге асырып қызығын көруге қолма-қол жәрдемдесіп қолдап отырған аудан әкімі Құсайынов Дауылбай Мейрамұлына дән разымыз.

Қазір Нұрада оралмандардың 4 шаруа қожалығы бар. Кезек күтіп алғашқы әзірліктерін жасап Даукенмен келісіп отырған жанұялар тағы бар. Даукенді ағайындар осылай сыйлайды. Себебі ол кісі

## ЕЛГЕ ЕЛ ҚОСЫЛСА - ҚҰТ

әрбір оралманмен өз туысынша сыйласып, қамқорлығын аямайды. Нендей бір мұхтаждықпен келген ағайынның мәселесін жерінде шешеді. Жасы үлкен қарияларды мереке күндері әдейілеп барып үйінде құттықтайды. Біз мұндай жақсылыққа жақсылықпен жауап беруге тырысамыз. Қоғамның қай саласында болмасын оралмандардың етене араласатыны айтуға тұратын әңгіме. "Урожайный" ААҚ-ның президенті Есжанов Нұрхат Зейнелұлының орынбасары, әрі бас бухгалтері Орынтай Қаңтарбай, Пржевал ААҚ-ның төрағасы Тәттібаев Ықсан Балтабайұлының аялы алақанында отырған механик-инженер бес тіл білетін азаматымыз Елубай Марат, осындағы механизаторларымыз: Абай Құрманғазы, Шерубай Тілеухан, әншілер Жайнар Жанар, Мұрат осындағы Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың құттықтау хатын алған ауыл фельдшер-дәрігері Қуаныш Бердікей және аудандық біріккен аурухананың хирург дәрігері Әзірахмет Сүлеймен, баланың дәрігері Хапсамет Еркегүл, жараспайлық ұстаз-ана қазақ тілінің мұғалімі Шаймардан Білгішбайқызы, байтұғандық инженер-электрик Құсман Разақ, шағын кәсіпкерлікпен айналысып тағыда жер иемденуші, ауылдың қалаулы қызына айналған Мәден Ділдаш, Балықтыкөл шаруашылығының қожайыны Бабай Нұрмақтың еңбек озаттары механизатор Башай Құмарбек, Паней Бақытжан және қазірде ағайындардың дені орналасқан Захар шаруашылығының төрағасы әккі ұйымдастырушымыз Намысов Думан Өмірхожаұлының ағайындар десе ішкен асын жерге қоятынын қалай



жасыра аларсыз. Ол өзінің Баймұқан Рысқан, Табылған Жылқыайдар, Дүкей Қасымхансынды азаматтарына, ондағы оннан астам отбасына келгелі он жылдан ассада жақсылығын аямауда. Әрі өзінің сенімді серігі ретінде бағалайды. Айталық, Еркегүл Байбосынқызына ірі астықты шаруашылықтың аспа-төк бензинін жауаптандырып отырғаны сөзімізді тіптен растайды. Аудандық мәденист үйінің хореографы, 2001 жылғы "Облыстық үздік би маманы" атанған әйгілі Шара Жиенқұлованың шәкірті Гүлнар Білгішбайқызының "Балдәурен" би ансамблі қазір көрермен мақтанышына айналды. Оралмандар арасындағы аудан өміріне тығыз араласып кеткен жоғары білімді мұғалімдер, экономист, журналист, дәрігер, ауылшаруашылығы мамандарының еңбегін аудан әкімшілігі орынды бағалап отырады. Олар республикалық, облыстық, аудандық және ауылдық жердегі сый-сияпаттардың заңды тұлғалары атануы, біздің ертеңгі еңбекке құлшынысымызды арттырып яғни "Елге ел қосылып" ата қонысымыз құт береке айналды. Қазір мектеп жасындағы 250-дей бала әр жыл сайын орта мектептерде алаңсыз оқып, 11 сынып бітірушілеріміз жоғары оқу орындарына ақысыз түсуінің өзі білім саласындағы басты жетістік болды.

Сөз соңында айтарымыз, 1991 жылы астықты Нұра өңіріне келген ағайындар ешқайда жылжымай өсіп-өніп бір ауыл, бір бауыр болып барлығы бірдей тәуелсіз еліміздің заңды азаматтығын алғаны теңдесі жоқ бір мәртебеге айналды. Алғаш 20 жанұя 170 адам астықты Нұраның табалдырығын аттаса бүгіндері мыңға жуық адамы бар 200-дей отбасы болып толысты. "Ортаң толсын" деген осындай болар. Мұндай бақытқа сара жол салған Қазақстан елінің ақылгөй басшысы Назарбаев Н.Ә. сынды күн көсемге ағайындар атынан ыстық сәлем, ұзақ ғұмыр тілейміз. Және Елбасының оралмандар жөніндегі тапсырмасын бұлтарыссыз орындап қолынан келгенін аямай, біздің ең сыйлы қамқоршымыз болған, болып отырған Нұра ауданының әкімі, жаны жайсаң, жүрегі дархан ағамыз Құсайынов Д.М. сізге көптен-көп алғыс айтамыз. Осылайша Қара Нұра ағайындардың ешқайда жылжымайтын құтты қонысына айналды.




**Шәмей БІЛГІШБАЙҚЫЗЫ.**

**Суретте: 1. Пржевал шаруашылығының төрағасы Тәттібаев Ықсан Балтабайұлы оралман қыз-жігіттермен бірге астық қабылдау кезінде. 2. Тәуелсіздіктің 10 жылдығында нұралық ағайындар Қарағандыда болған көркемөнер кездесуінде жүлдегер атанды. Суретте мақала авторы. 3. Денсаулық жылында. Байтұғандық дәрігер қызымыз жұмыс үстінде; 4. Қаройлық орта мектеп қызметкері Халидолда Нұрмұқан. Жаңа оқу жылы алдында.**

## *Учитель! Перед именем твоим позволь смиренно преклонить колени...*



Михайлюк Михаил Михайлович приехал в совхоз «Щербаковский» в 1980 году после окончания Карагандинского Государственного университета. Молодой учитель физики сразу же влился в небольшой педагогический коллектив, где его пр[illegible]няли тепло и радушно. Директор школы Кощегулов Бекет Бекпаевич стал наставником молодого человека, помогал при составлении планов, при проведении внеклассных мероприятий в работе с классом. С прекрасным чувством юмора, начитанный, эрудированный педагог пришелся по душам не только коллегам, но и ученикам, которые с восхищением слушали его объяснения на уроках физики, математики, астрономии.

Я тоже ученица Михаила Михайловича, в 9-ом и 10-ом классах он вел и у нас вышеперечисленные предметы. Уроки проходили интересно, увлекательно, мы часто проводили опыты, решали задачи и уравнения. На уроки Михаила Михайловича всегда шли с большим удовольствием, потому что знали, что узнаем что-то новое, незнакомое. И сегодняшние ученики тоже любят уроки и объяснения этого педагога. Он старается донести до детей те знания, которые будут необходимы им во взрослой жизни.

Здесь же, в селе, Михаил Михайлович познакомился с Еленой, сыграли шумную и веселую свадьбу и стали жить-поживать. Родились два сына: Артем и Максим. Сейчас Елена работает сельским библиотекарем, сын Артем закончил школу и является обладателем аттестата с отличием, поступил в Карагандинский политехнический институт и сейчас студент 2-го курса. Сын Максим - ученик 7-го класса, отличник, радует родителей своими успехами в учебе и спорте.

Михаил Михайлович награжден грамотами райОО, облОНО, спортивными грамотами за занятые призовые места по шахматам и шашкам, является одним из лучших математиков района.

Сейчас Михаил Михайлович ведет уроки физики, математики и информатики. Ребята с удовольствием знакомятся с компьютером, учатся играть, печатать, отвечать на тесты, ведь при поступлении и учебе в вузах им знания и умение работать на компьютерах будут просто необходимы.

Ученики Михаила Михайловича трудятся в разных сферах производства: учителями в школе - Г.А.Исмагамбетова и Ж.Б.Ахметова, механизаторами - Ларионов Петр, Митьков Петр, Берлибеков Габиден-заведующий ГСМ ТОО «Кайнар», Хамзин Серик Омирзакович- главный зоотехник ТОО «Кайнар», Кубенов Нуржан - студент КарГУ, Кеммель Андрей - механизатор бригады № 1, Емелькин Николай - водитель, Кузьмина Наталья Александровна - работала учителем истории в нашей школе, а сейчас проживает в Гомельской области, и другие.

Сам педагог гордится своими учениками, которые после окончания школы сумели найти свое место в жизни. Почти все они живут в селе, работают, имеют крепкие и дружные семьи.

Когда-то, в XIX веке, Н.А.Некрасов произнес прекрасные слова, обращенные к своему учителю В.Г.Белинскому и давно ставшие знаменитыми строки:

«Учитель! Перед именем твоим
Позволь смиренно преклонить колени...»

Эти слова можно посвятить и Михаилу Михайловичу, ведь его жизнь, неисчерпаемое трудолюбие, энергия, высокий интеллект и неиссякаемый юмор, способность противостоять всем жизненным невзгодам и бедам, умение находить выход из самых трудных жизненных ситуаций является примером достойным для человека, который посвятил свою жизнь служению детям, служению педагогике. Доказательством служит педагогический стаж Михаила Михайловича Михайлюка, который 22 года несет это высокое звание - учитель!

**Г.КАРИБАЕВА,**
**учитель русского языка и литературы Щербаковской СШ.**

**На снимке: учитель физики и информатики М.М.Михайлюк.**